

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2023 жылғы 12 қаңтар**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа шақырылғандар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтерінен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президентіміздің тиісті ұсынуы Сенатқа келіп түсті.

Мемлекет басшысының ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Шипп Денис Алексеевичке беріледі.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесены представления Главы государства об освобождении от должностей судей Верховного Суда Салия Вячеслава Васильевича, Ескендинова Асана Кайрулловича и Кыдырбаевой Айгуль Куанышбаевны в связи с назначением их на другую должность.

Салий Вячеслав Васильевич Указом Президента от 5 декабря 2022 года назначен председателем Костанайского областного суда.

Постановлениями Сената Парламента от 29 декабря 2022 года Ескендинов Асан Кайруллович и Кыдырбаева Айгуль Куанышбаевна с 1 января текущего года назначены судьями Конституционного Суда Республики Казахстан.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представления Главы государства об освобождении Салия Вячеслава Васильевича, Ескендинова Асана Кайрулловича, Кыдырбаевой Айгуль Куанышбаевны от должностей судей Верховного Суда в связи с назначением на другую должность.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Ұсынылған кандидатуралар алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На основании представлений Президента Республики Казахстан, основанных на рекомендации Высшего Судебного Совета, Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики Казахстан и статьей 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендует Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должностей судей Верховного Суда Республики Казахстан Салия Вячеслава Васильевича, Ескендинова Асана Кайрулловича и Кыдырбаеву Айгуль Куанышбаевну в связи с назначением на другую должность.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдау үшін дауыс беру тәртібін анықтап алайық.

Шешімді ашық дауыс беру арқылы әр кандидатура бойынша жеке-жеке қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса алдымен Салий Вячеслав Васильевичті Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Ескендіров Асан Қайроллаұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде.

Конституциялық реформаға сәйкес 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап заң шығару процедурасы өзгертілді. Енді Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды талқылау қорытындылары бойынша заңды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы шешім қабылдайды.

Тағы бір ерекшелік. Палата отырысында заң бойынша баяндаманы бас комитет уәкілеттік берген Сенат депутаты жасайды.

Сондықтан қаралып отырған заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

**ШАЙДАРОВ С.Ж.** Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялауға бағытталған заң ұсынылады.

Келісімде бағалы металдардан жасалған бұйымдар импорттаушы тарап мемлекетінің келісіміне және заңнамасына сәйкес келсе бір тарапқа екінші тараптың сынама таңбасымен, дайындаушының сәйкестендіру белгісімен және тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес сынама стандартымен әкелінетін бұйымдар импорттаушы тарапта жаңадан талдауға және таңбалауға жатпайды деп көзделеді. Бұдан басқа өз сынамасын бір тарапта тіркеген дайындаушының сәйкестендіру белгісінің иесі екінші тарапта осындай белгіні тіркеудегі талаптан босатылады.

Келісімнің шарттары бойынша кедендік бақылау кезінде импорттаушы тарап өзінің уәкілетті ұйымдарына ұлттық заңнамасына сәйкес сынама таңбасының бедері мен сынама стандарттарын тексере алатын бағалы металдардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды беруге тиіс.

Келісімге сәйкес сынамалық таңбасыз, дайындаушының сәйкестендіру белгісіз және сынамалардың белгіленген стандарттарысыз әкелінетін бағалы металдардан жасалған бұйымдар немесе олар импорттаушы тараптың заңмен белгіленген

стандарттарына сәйкес келмеген жағдайда бас тарту себептерін көрсете отырып, экспорттаушыға қайтарылады.

Сонымен қатар тараптар екінші тараптың сынамалық таңбасының бедерлерін қолдан жасаудан немесе бұзудан, сондай-ақ басқа тараптың жауапты органы сынамалық таңбаны қолданғаннан кейін сынама стандарттарын немесе сәйкестендіру белгісінің бедерлерін кез келген рұқсатсыз өзгертуден немесе жоюдан аулақ болу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайтын болады.

Келісім сынамалық таңбасы, сәйкестендіру белгісі және сынама стандарттары бар бұйымдарға іріктеп тексерулер жүргізуге кедергі келтірмейді. Мұндай іріктеп тексерулер зергерлік және басқа да бағалы металдардан жасалған бұйымдарды импорттау рәсімінің ұзақтығына әсер етпейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сауда және интеграция вице-министрі Арман Абайұлы Шакқалиевке.

Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес импорттаушы тарап кедендік бақылау кезінде екінші тараптың сынама таңбасының бедерінің импорттаушы тараптың белгіленген стандарттарына сәйкестігін тексере алатын өзінің уәкілетті ұйымдарына бағалы металдардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды ұсынады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Қазақстан Республикасында қандай ұйымдарға сынамалық таңбаның бедеріне тексеру жүргізу уәкілеттігі берілген? Бұндай жұмыстар қандай жағдайларда және кімнің есебінен жүргізіледі? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Шакқалиев Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАКҚАЛИЕВ А.А. Қайырлы күн, құрметті сенаторлар!

Сұрағыңызға рақмет. Қазіргі таңда бізде Астанада, Шымкентте, Алматыда сараптама палаталары бар. Олар өз есебінен сапасын тексереді, сондықтан импорттаушылардан ешқандай шығыстар болмайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серік Жаманқұлұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Докладчик подробно озвучил основные новеллы рассматриваемого сегодня проекта Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Федеральным Советом Швейцарской Конфедерации по взаимному признанию пробирного клейма на изделиях из драгоценных металлов».

В настоящее время в соответствии с законодательством Республики Казахстан все ювелирные изделия подлежат обязательному апробированию казахстанским клеймом.

При этом, принимая во внимание высокий уровень качества ювелирных изделий в Швейцарской Конфедерации, признаваемый во всем мире, повторное клеймение казахстанской стороной проводиться не будет.

Аналогично по принципу взаимности вывозимые из Республики Казахстан ювелирные изделия в Швейцарскую Конфедерацию также не будут подлежать клеймению.

Принятие соглашения снимет необходимость повторного клеймения ювелирных изделий. Это позволит снизить административную нагрузку при экспорте ювелирных изделий. Облегчение установленных процедур может косвенно отразиться на росте экспорта.

Необходимо отметить, что подобного рода соглашения швейцарской стороной заключены также с Российской Федерацией, Францией, Италией, Австрией, Испанией.

В соглашении учтены все требования действующего законодательства. Его ратификация не повлечет изменений в законы Республики Казахстан.

Құрметті әріптестер, мен заң жобасын қолдаймын және сіздердің де қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл келісімнің мақсаты – екі мемлекет арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардың айналымын оңтайландыру.

Заң елімізде аталған бұйымдарды экспорттау мүмкіндіктерін нығайтуға және отандық зергерлік өнерді дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 1992 жылы Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция шеңберінде көршілес екі мемлекет арасында авиациялық іздеу және құтқару саласындағы іс-қимылдарды үйлестіру үшін келісім жасасу көзделген болатын.

Осы конвенцияны ұстана отырып, Қазақстан көрші елдермен белгіленген бағыттағы ынтымақтастықты дәйекті түрде қалыптастырып келеді. Айтар болсақ, 2017 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының үкіметтері арасындағы авиациялық іздеу және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификацияланды. Өткен жылы Қырғыз Республикасымен де осындай келісімге қол қойылды.

Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздеу және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң ұсынылып отыр.

Бұл келісімге 2019 жылғы 11 қыркүйекте Бейжің қаласында қол қойылған болатын.

Келісімнің негізгі мақсаты Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттарына сәйкес әуе кемелерінің апатқа ұшыраған жолаушылары мен экипаждарын құтқару және іздеу үшін мемлекеттер арасында тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Келісім бойынша іздеу-құтқару операцияларын ұйымдастыру және орындау өзара іс-қимылдың нақты алгоритмін көздейді.

Біріншіден, іздеу және құтқару аудандарының шекарасы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы және іргелес аудандар арасындағы шекара бойынша айқындалған.

Екіншіден, барлық іздеу-құтқару жұмыстары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының аумағында, сондай-ақ іргелес аудандарда әрбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Үшіншіден, әр тарап өз ауданында азаматтық әуе кемелерін іздеу және құтқару қызметтерінің жауапкершілігін, қолжетімділігін және олардың тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, келісім тараптардың авиациялық оқиға туралы өзара хабарлау және екінші тараптан көмек сұрау туралы міндетін көздейді.

Бесіншіден, тараптар өздерінің жауапкершілік аймағында іздестіру-құтқару операцияларын жүзеге асыру кезінде туындайтын шығыстарды өздері көтеретін болады.

Алтыншыдан, келісім шеңберінде екі мемлекеттің құзыретті органдары мен іздеу және құтқару қызметтері арасындағы ынтымақтастықты нығайту көзделеді.

Мұндай ынтымақтастыққа іздеу және құтқару бойынша бірлескен оқу-жаттығулар, мемлекетаралық байланыс арналарын жүйелі түрде тексеру, іздестіру және құтқару жөніндегі сарапшылардың өзара сапарлары, іздестіру-құтқару ақпараты мен тәжірибе алмасу кіреді.

Құрметті әріптестер, заңды қарау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінің ескертулері мен ұсыныстары келіп түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздеу және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынамын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Слово предоставляется Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос к Министерству индустрии и инфраструктурного развития.

Согласно статье 4 соглашения все поисково-спасательные операции на территории двух стран будут осуществляться в соответствии с законодательством каждой из сторон.

Законодательством Республики Казахстан предусмотрено, что при возникновении чрезвычайных ситуаций техногенного характера, к коим относятся и транспортные аварии, в том числе авиакатастрофы, пропуск через государственную границу аварийно-спасательных формирований для локализации и ликвидации ЧС осуществляется в порядке, определяемом международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан.

Между тем рассматриваемое соглашение не содержит условий, при которых будет осуществляться пропуск через государственную границу соответствующих служб сопредельного государства.

Вопрос: какой порядок пропуска через государственную границу будет применяться при необходимости совместных действий компетентных органов двух государств, и каким документом он будет регламентирован? Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ыдырысов Алмаз Серікболұлы, жауап беріңіз.



ЫДЫРЫСОВ А.С. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Действительно, в соглашении конкретно не указан порядок пропуска воздушных судов при возникновении ситуаций по необходимости поиска и спасания воздушных судов. Однако между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой было подписано и ратифицировано Соглашение о сотрудничестве в области ликвидации чрезвычайных ситуаций, где предусмотрен данный порядок по пропуску через границу лиц, которые будут осуществлять ликвидацию чрезвычайных ситуаций.

Кроме того, в данном соглашении предусмотрена отсылочная норма на действующее законодательство, где также предусмотрен порядок пропуска лиц.

В целом в Сборнике аэронавигационной информации предусмотрены условия, которые требуются для обеспечения пропуска воздушных судов на территорию Республики Казахстан. Согласно этим условиям пропуск воздушных судов осуществляется в течение одного дня. А также все необходимые документы там будут опубликовываться. Это предусмотрено в данном соглашении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Халықаралық азаматтық авиация ұйымы 75 жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан әлемнің 190-нан астам елін біріктіретін ең өкілді үкіметаралық бірлестіктердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап осы ұйымның мүшесі бола отырып, әлем елдерімен азаматтық авиация саласындағы ынтымақтастықты дәйекті түрде қалыптастырып келеді.

Қаралып отырған келісімді ратификациялау біздің стратегиялық әріптесіміз – Қытай Халық Республикасымен осы ынтымақтастықтың форматын кеңейтуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздеу және құтқару саласында қарым-қатынастың арта түсуіне мүмкіндік береді.

Келісім нормалары авиациялық оқиғалар мен инциденттер туындаған жағдайда бірлескен іздестіру-құтқару операцияларын жүргізуге ғана емес, сонымен қатар оқу-жаттығу, тәжірибе және ақпарат алмасу барысында жауапты қызметтердің жұмысын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сайып келгенде мұның бәрі техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтуға және соның салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда аталған заңды толығымен қолдаймын, сондай-ақ оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.



Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған келісім екі елдің азаматтық авиация саласындағы ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға бағытталған. Келісім азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестірудің және құтқарудың жекелеген мәселелерін реттейді. Алдағы уақытта бұл заң аталған мәселелер бойынша бірлескен іс-қимылдарды тиімді іске асыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі соңғы мәселе «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиясының мүшелерін сайлау туралы.

Өздеріңізге белгілі, Ата заңымызға енгізілген түзетулерге сәйкес Парламент конституциялық заңдарды палаталардың бірлескен отырысында қабылдайды.

Жаңа тәртіпке сәйкес палаталардың әрқайсысы бірлескен отырысқа дейін комиссияның құрамына енетін кандидатураларды және қосымша баяндама жасаушыны айқындауы қажет. Осыған байланысты Сенаттың тиісті қаулы жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, ұсынылған кандидатуралар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының мүшелерін сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бұл депутаттық сауалды жолдауға Түркістан облысы Сарыағаш ауданының тұрғындарымен болған кездесуде көтерілген жылыжайлардың жұмысына қатысты проблемалар себеп болып отыр.

Бүгінгі таңда республикадағы 1 мың 265 гектар жылыжайдың 844 гектары, яғни 70 пайызы Түркістан облысында орналасқан. Олар жыл сайын 91 мың тонна көкөніс өндіріп,

ел тұрғындарын қамтамасыз етіп отыр. Жылыжай кешендерінде барлығы 12 мыңнан астам шаруа қожалықтары еңбек етуде. Түркістан облысында өндірілетін көкөністің 66 пайызы Сарыағаш ауданына тиесілі. Ол ауданның жалпы ішкі өнімінің 30 пайызын құрайды. Бүгінде жылыжай өндірісі өңір ауыл шаруашылығының негізін құрайтын, халықты сапалы көкөніспен қамтамасыз етіп отырған, сырттан келетін импорттық өнімдерге төтеп бере алатын салаға айналып келеді. Сондықтан бұл саланы дамыту еліміздің ішкі нарығын және азық-түлік қауіпсіздігін қолдау болып табылады.

Сала мамандарының айтуынша жылыжай өндірісінде қордаланған, оның дамуына қолбайлау болып отырған бірнеше күрделі проблемалар бар.

Біріншіден, коммуналдық қызметтің қымбаттығы. Жылыжайға пайдаланатын электр энергиясының бағасы көршілес Өзбекстанға қарағанда екі есе, Түрікменстанмен салыстырғанда бес есе, ал газдың бағасы Өзбекстанға қарағанда үш есе, Түрікменстанмен салыстырғанда он бес есе қымбат. Бір Сарыағаш ауданының өзінде жұмыс істеп жатқан 700-ден астам жылыжай жылына 100 мың тонна көмір пайдаланады. Олардың әр тоннасы ауданға 16-17 мың теңгеден жеткізілетінін есептесек, шаруалар тек көмірдің өзіне маусымына 2 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсайды. Жалпы, қуат көздерінің құны өндірілетін өнімге жұмсалатын шығындардың 45 пайызын құрайды. Сондықтан көршілерден келетін көкөністің бағасы отандық өнімнің бағасынан әлдеқайда төмен және өтімді.

Осы жағдайды ескере отырып жылыжайлар үшін электр энергиясы, газ, су және көмір бағаларының жеңілдетілген тарифтерін қарастыруды ұсынамыз. Коммуналдық шығындарды төмендете отырып қана жылыжай өнімдерінің, яғни көкөністің бағасын тұрақтандыруға қол жеткізуге болады.

Екіншіден, биылғы қыс маусымының өте ерте басталғандығы мен қаталдығын ескере отырып, Сарыағаш ауданының тұрғындары мен шаруаларын әлеуметтік көмірмен қамтамасыз етуді тез арада шешу керек. Аудан 2022 жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда 17 мың тонна көмірді аз алған. Бүгінгі таңда Сарыағаштың көмір базаларында халыққа қажетті көмір жоқ деп айтуға да болады. Ал жылыжайлар өнімінің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, оларға да қосымша көлемде көмір бөлдіру мәселесі ушығып тұр. Бүгінгі күнге дейін көмір тасымалдайтын теміржол контейнерлерінің жетіспеушілігі орын алуда.

Үшіншіден, көрші мемлекеттерден келетін ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі нарыққа енгізу кезінде шекара, кеден және фитосанитария қызметтерінің жұмыстарын қатаң бақылауға алып, басқа тауарлар ретінде рәсімделіп өтіп жатқан көкөністер легіне тосқауыл қою қажет деп есептейміз. Сонда ғана біз ішкі нарығымызды заңсыз өтіп жатқан арзан және сапасыз өнімдерден қорғай аламыз.

Төртіншіден, жылыжай өндірісіне мемлекеттік қолдаудың қосымша түрлерін ойластыру керек. Бүгінде жылыжайлар пайдаланатын минералды тыңайтқыштардың және препараттардың 50 пайызы субсидияланады. Алайда ол жылыжай өндірісіне кететін шығындардың 3 пайызын ғана құрайды, яғни мемлекеттік қолдаудың жылыжай өнімдерінің бағасына, сапасына, көлеміне ететін әсері жоқтың қасы деп айтуға болады. Біз бұл қалыппен тұрғындарды сапалы көкөніспен қамтамасыз етпек түгілі, импорттық өнімдерге бәсекелес бола алмайтын өндіріс деңгейінде қалып қоюымыз мүмкін, тіпті

жылыжайлардың жабылып қалу қаупі де жоқ емес. Әсіресе өздері ұрық өндіріп, көшет өсіріп, оларды егіп, өнім алып жатқан жылыжайларды мемлекеттік қолдау өте маңызды. Сондықтан ұрыққа, көшетке, коммуналдық шығындарды төмендетуге арналған қосымша қаржы тетіктері қаралу керек.

Жылыжаймен айналысатын тауар өндірушілерді жеңілдетілген несиелермен қамтамасыз ету де өте маңызды. Дәл осындай қолдаулар тек Түркістан облысы ғана емес, жылыжай өндірісі дамып келе жатқан Алматы, Жетісу, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, тағы да біраз облыстар үшін де өте маңызды.

Бір сөзбен айтқанда, ауыл шаруашылығының ұтымды салаларының бірі – жылыжай өндірісін қолдау және қарқынды дамытуға қатысты проблемаларды Үкімет деңгейінде арнайы қарап, кешенді шешімдер қабылдау қажет деп есептейміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ә. Бектаев, Ә. Құртаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Көлгінов мырзаға жолданады.

«Еліміз өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бері Қазақстанда ономастикалық жұмыс жанданып, кезінде түрлі себептермен және саясаттың ыңғайымен өзгеріп кеткен қазақтың жер-су аттары мен елді мекендерінің біразының тарихи атаулары қайтарылып, ақиқат орныға бастады. Әрбір елді мекендердегі, қалалар мен кенттердегі көше атаулары бүгінгі заман талабына, яғни тәуелсіздік рухында күні бүгінге шейін халқымыздың біртуар тұлғаларының есімдерімен аталып жатқандары да жеткілікті. Алайда елімізде қазіргі уақытта осы көшелерге ат беруде және елді мекендердің кейбіреулерін қайта атауда белгілі бір тәртіптің жоқтығы алдымыздан шыға береді. Өз басым Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Ономастика және тіл комиссиясының мүшесі ретінде осындай ойға келіп отырмын. Өйткені өңірлерден осы комиссияның қарауына келіп түсіп жатқан құжаттарды қарап, талқылау барысында сан алуан пікірлер туындап жатады.

Қазір көбінесе бұрынғы кеңестік кезеңде аудан мен облыс басқарған бұрынғы компартияның бірінші хатшылары және кеңес төрағалары, совхоз, мекеме директорларының аттарына көше сұрау жиірек кездесіп отыр. Әрине, біз олардың еңбектерін жоққа шығармаймыз, олардың есімдеріне де күйе жағу ниетінен аулақпыз. Алайда Кеңес Одағының жетпіс жылдық кезеңінің барлық партия хатшылары мен кеңес төрағаларына көшелердің аттарын беретін болсақ, Қазақстанда елді мекен де, көше де жетпес еді.

Біздің бір байқап отырғанымыз, партия, совет қызметкерлерінің соңдарында ықпалды, тіпті қалталы балалары барлар хатшы әкелерінің аттарына көше сұрап, жергілікті жерлердегі әкімдіктер мен олардың ономастика комиссияларының, жергілікті мәслихаттарының есіктерін тоздырумен бірге әртүрлі әрекеттер жасайды. Ал сонда еңбектері расында елеулі, алайда соңында ықпалды, қалталы ұрпағы жоқтарға обал емес пе.

«Олардың елге еңбектері сіңді ғой» дейтіндерге айтарымыз, елге кімнің еңбегі сіңбеді, кімнің еңбегі сіңбей жүр. Толарсақтан саз кеше жүріп егін өсірген қарапайым егіншінің, болмаса қысы-жазы мал соңында сылпылдап жүрген малшының, қарнымызды нанға тойдырған диқаншының, болмаса құрылысшының еңбектері елге сіңбеп пе еді. Бұл мәселені осы тұрғыдан зерделегеніміз жөн.

Бұл Қазақстанда ономастика жөнінде белгілі бір тұжырымдаманың жоқтығын көрсетсе керек. Бола қалған жағдайда ол жергілікті жерлерде сақталмайтындығын айғақтайды.

Міне, айтылған осы жайлардың негізінде, құрметті Алтай Сейдірұлы, Үкімет тарапынан мемлекеттік ономастика саясатын тағы бір қарастырып, оның бүгінгі күннің талабына сай болуын тағы бір пысықтайтын кез жетті деп санаймын.

Құрметпен Сенат депутаты М. Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлына беріледі.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 2022 жылдың тамыз айының басында Қазақстанда дизель отынының тапшылығы қайтадан тіркелді. Осыған байланысты жанар-жағармайды сатуға шектеулер туындады, оны босату тек талондар мен карталар бойынша, не шектеулі көлемде жүргізілді.

Туындаған тапшылық ең алдымен көршілес елдердің ауыр жүк транзиттік көлік иелері тарапынан дизель отынына сұраныстың күрт артуымен байланысты болды. Дегенмен күзгі далалық және көктемгі далалық кезеңдердегі дизель отынының тапшылығы да жаңа құбылыс емес.

Өкінішке қарай, жыл сайын мұнай өнімдерінің тапшылығы еліміздің үш ірі мұнай өңдеу зауытының өндірісіндегі проблемаларға байланысты қалыптасады. Бұған Қазақстандағы және көршілес елдердегі мұнай өнімдері бағасының теңсіздігі де қосылды.

2022 жылғы шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев транзиттік тасымалдауда және шекара периметрі бойынша мұнай өнімдеріне сараланған бағаларды эзірлеуді тапсырған болатын. Стационарлық жанармай құю станциялары арқылы мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын белгілейтін Энергетика министрінің тиісті бұйрығы тек 2022 жылдың 22 тамызында жанармай құю бекеттерінде дизель отыны болмаған кезде күшіне енді. Бұған қоса мұнай өнімдерінің сараланған баға қысқа мерзімді шара болып табылады.

Мамандардың пікіріне сәйкес 2022 жылы 5,3 миллион тонна жанармай өндірілген, бұл 5,6 миллион тоннаға бағаланған ішкі нарық қажеттілігінен төмен, яғни Қазақстан дизель отынының бағасы ел ішіндегі бағадан айтарлықтай жоғары болып табылатын көршілес мемлекеттерден 300 мың тоннадай дизель отынын импорттауға мәжбүр. Сонымен қатар Қазақстан мен оның көршілері арасында дизель отын бағасының айтарлықтай айырмашылығы орын алғанымен, әкімшілік реттеуге қарамастан сұр экспорттық схемалардың ұлғаю ықтималдығы жоғары. Тек 2022 жылдың өзінде елден 200

мың тоннадан астам жанармай экспортталған және осындай фактілерді анықтау қиындап барады. Нәтижесінде нарықта 500 мың тоннадан астам дизель отынының жетіспеушілігі орын алды.

2025 жылдың 1 қаңтарында Еуразиялық экономикалық одақ аясында мұнай және мұнай өнімдерінің бірыңғай нарығын енгізу туралы норма күшіне енеді. Басқаша айтқанда, егер екі жыл ішінде бағалардың тепе-теңдігі жойылмаса, дизель отынының ішкі бағасын әкімшілік реттеу Еуразиялық экономикалық одақтың нормаларын ескере отырып, оны кеңінен қолдануға қолжетімді болмайды. Бұл ретте мұнай өнімдерінің сараланған бағасы туралы шешімнің әлеуметтік бағытында негізделгені айқын. Тиісінше, мұнай өнімдері бағасының көрші елдер деңгейіне дейін күрт өсуі әлеуметтік толқулар мен наразылықтар тудыруы мүмкін.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда айтылғандарға байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз.

1. Үш ірі мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуаттарының максималды деңгейде жұмыс істеуін ескере отырып, Үкімет мұнай өнімдері өндірісінің өсуін ынталандыру үшін қандай шаралар қабылдауды жоспарлап отыр?

2. Қазақстан мен оның көршілері арасындағы дизель отыны бағасының жалғасып келе жатқан теңсіздігіне қатысты Үкіметтің көзқарасы қандай?

3. Үнемі болып тұратын мұнай өнімдері мен дизель отынының тапшылығы мәселесін шешу үшін Үкіметтің орта немесе ұзақ мерзімді жоспары бар ма?

Сізден осы депутаттық сауалға заңда көзделген мерзімде қарау жөнінде жазбаша түрде жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Б. Байахметов, Б. Орынбеков, Н. Бекенов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 12 қаңтар**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтерінен босату туралы**

Об освобождении от должностей судей Верховного Суда Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы**

**Д.А. ШИПТІҢ баяндамасы**

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан

ШИППА Д.А. .... 1

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. .... 2

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Федеральным Советом Швейцарской Конфедерации по взаимному признанию пробирного клейма на изделиях из драгоценных металлов», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ШАЙДАРОВА С.Ж. .... 3

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. .... 4

ШАКҚАЛИЕВ А.А. – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция бірінші вице-министрі, первый вице-министр торговли и интеграции Республики Казахстан ..... 4



РЫСБЕКОВА Л.Т. ....	5
---------------------	---

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о сотрудничестве в области авиационного поиска и спасания гражданских воздушных судов», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Т. АЛДАШЕВТИҢ баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АЛДАШЕВА С.Т. .... 6

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ЕРШОВ С.М. .... 7

**ЫДЫРЫСОВ А.С. – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан** ..... 8

ҚҰРТАЕВ Ә.С. .... 8

**«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиясының мүшелерін және Сенаттан қосымша баяндамашыны сайлау туралы**

Об избрании членов совместной комиссии палат Парламента Республики Казахстан и содокладчика от Сената по проекту Конституционного закона Республики Казахстан «О признании утратившим силу Конституционного закона Республики Казахстан «О Первом Президенте Республики Казахстан – Елбасы» .....9

**Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 9

**Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С. .... 11



**Депутат Б.К. БАЙАХМЕТОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАЙАХМЕТОВА Б.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 12

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы»  
РМК директоры

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева